

**«PN KAZAKHSTAN» ЖШС «ҚАМҚОРЛЫҚПЕН, ПРЕМИУМ БРЕНДТЕН» МАРКЕТИНГТІК
АКЦИЯСЫНЫҢ
ТОЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ
(БҰДАН ӘРІ – ЕРЕЖЕЛЕР)**

Алматы қ.,

2025 жылғы 19 мамыр

1. Терминдер мен анықтамалар

1.1. Акция — «Қамқорлықпен, премиум брендтен» атауымен өткізілетін маркетингтік акция, осы Ережелерде белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Акция ынталандыру шарасы, лотерея, құмар ойындарға немесе бәске негізделген іс-шара болып табылмайды.

1.2. Ұйымдастырушы — «PN KAZAKHSTAN» ЖШС, мекенжайы: Қазақстан, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 17-үй, н.п. 861, пошта индексі 050059, тел.: +7 (727) 311-03-89/90, БСН 160940020573

Жоба серіктестері:

ТОО «Поликлиника Рахат», Республика Казахстан, г. Алматы, Бостандыкский р-он проспект Абая, 58а. БИН: 190140001276

ТОО «Поликлиника Рахат Астана», Республика Казахстан г.Астана, р-н Алматы, ул.Бейімбет Майлин, зд №18. БИН: 230340035238

ТОО «ЛИДЕР-23» РК, Акмолинская обл. г. Астана ул. БУКАР ЖЫРАУ д. 40 кв. (офис) 14. БИН: 230740010792

ИП АРКАБАЕВА Д, Казахстан, Алматы, РАЙЫМБЕКА, дом 481В. БИН: 881107401070

ИП «NRG» РК, город Алматы, улица Северное кольцо 3 АДЕМ-1, сектор 3-2, бутик №28-30,69-71. БИН: 851208302462

ТОО «NEXT NS» РК, 100009 Караганда, ул. Ержанова, 34/1-95 БИН 070940012800

ТОО "Optimakids.kz" РК, город Алматы, Бостандыкский район, улица Розыбакиева, дом 388, н.п. 223. БИН: 241040019319

ИП DOULA GALIYA, Казахстан, Кыргыуылды, УЛИЦА БІРЛІК, дом 15. БИН: 840729401598

ООО «Детки в порядке» Москва, Колпачный пер., дом 6, стр. 5, пом II, комн 5. ИНН: 7709948493

ИП "ТУРУТИНА С.Б., Казахстан, Караой, УЛИЦА АБАЙ, дом 3. БИН: 930911400161

ИП Little Baby, Республика Казахстан, г.Алматы, мкр Нуркент, 5/23, 11. БИН: 770301403086

ТОО «Веледа», Республика Казахстан, 050000, г. Алматы, ул. Толе би, д. 101, 9 этаж, блок «В». БИН: 221140021182

ИП ДЕНИС КУКЛИН, Казахстан, Алматы, МИКРОРАЙОН КАЗАХФИЛЬМ, дом 10, кв/офис 79. БИН: 701121301194

ТОО «Аврора Брендс» РК, г. Нур-Султан, ул. Мәскеу, д. 40, оф. 421. БИН: 141 040 029 682

ТОО «СМ Беби Трейдинг» Республика Казахстан, г.Алматы, пр-т. Суюнбая, 153. БИН: 220440031881

1.3. Акцияға қатысушы деп, Ұйымдастырушы Интернет желісінде орналастырған Акцияға қатысып, осы Ережелердің 4.2-тармағында көрсетілген әрекеттерді орындаған, сондай-ақ 3.1–3.2-тармақтарда белгіленген талаптарға сәйкес келетін тұлға танылады.

1.4. Премиялық қамқорлық – «РАХАТ» клиникасында 1 айдан 12 айға дейінгі балаларға арналған vip-жылдық бағдарлама (патронаждық «Малютка» бағдарламасы және аллерголог кеңесі). Патронаж қызметтерінің толық сипаттамасы келесі сілтемеде берілген: <https://rklclinic.kz/spravochnik-zabolevaniy/programma-malyutka.html>

1.5. Анкета – жеке деректерді сұратуға арналған сауалнама парағы.

1.6. Жеңімпаз – осы Ережелердің 5.2-тармағына сәйкес кездейсоқ сандар генераторы арқылы реттік нөмірі таңдалған Қатысушы. Акция өткізу мерзімі ішінде Қатысушы тек бір рет Жеңімпаз болып, Сыйлық ала алады.

1.7. Тікелей эфир – Instagram (Инстаграм) әлеуметтік желісінде нақты уақыт режимінде жүргізілетін трансляция.

1.8. Верификация – Қатысушының байланыс деректерінің шынайылығын тексеру рәсімі.

1.9. Акция сайты – <https://kabrita.kz/premium-patronazh/>

1.10. Рандомайзер (ағылш. random – кездейсоқ) – сандарды кездейсоқ тәртіпте генерациялайтын бағдарлама.

2. Акция сыйлық қоры және сыйлықтарды алу тәртібі

2.1. Акцияның сыйлық қоры Акция Ұйымдастырушысының және Серіктестерінің қаражаты есебінен қалыптастырылады және тек Акция қатысушыларына сыйлықтарды ұсынуға пайдаланылады. Акция ақылы емес, лотерея немесе тәуекелге негізделген ойын болып табылмайды.

2.2. Акция сыйлық қоры мыналарды қамтиды:

Бас сыйлықтар:

- «РАХАТ» клиникасындағы балаларға арналған жылдық vip-бағдарламаға (1 айдан 12 айға дейінгі «Малютка» патронаж бағдарламасы және аллерголог кеңесі) арналған сертификат – 1 дана, құны – 362 000 теңге, Алматы қаласы
- «Baby Check-UP» бағдарламасына арналған сертификат «РАХАТ» клиникасында – 3 дана, әр сертификаттың құны – 100 000 теңге, Астана қаласы

Қосымша сыйлықтар:

- Kabrita® өнімдер жиынтығы – 10 дана, әр жиынтықтың құны 19 660 теңгеден аспайды
Құрамы: 3 ботқа, 4 пюре, 1 печенье
- Futari-ден ана мен балаға арналған жиынтық – 100 дана, әрқайсысының құны 19 660 теңгеден аспайды
Құрамы: жаңа туған нәрестелерге арналған Futari жөргектері және ішіндегі заттармен бірге сөмке
- «Anex Eli» – әмбебап 2в1 арбасы – 1 дана, құны – 395 000 теңге
- «Anex Air-Z» – серуендеуге арналған арба – 1 дана, құны – 175 000 теңге
- «Anex Air-X2» – серуендеуге арналған арба – 1 дана, құны – 167 000 теңге
- Doona i (Sahara Sand) – арба-автокресло – 1 дана, құны – 340 000 теңге
- Doona X (Dusty Sage) – арба және автокресло – 1 дана, құны – 340 000 теңге
- Doona Liki Trike S3 – жиналмалы үш доңғалақты велосипед – 3 дана, әрқайсысының құны – 140 000 теңге
- Туылу кезінде кәсіби доуланың сүйемелдеуі – 3 дана, әрқайсысының құны – 200 000 теңге
- Ольга Пронина студиясынан фотосессиялар – 5 дана, әрқайсысының құны 19 660 теңгеден аспайды (Алматы қ. және Алматы облысы тұрғындары арасында ойнатылады)
- «Umai Ana» орталығынан босануға дайындық бойынша offline курс – 5 дана, әрқайсысының құны 19 660 теңгеден аспайды (Алматы қ. және Алматы облысы тұрғындары арасында ойнатылады)
- «BooBoo» бренді ұсынған балаларға арналған косметика мен тұрмыстық химия жиынтығы – 10 дана, әрқайсысының құны – 15 000 теңге
Құрамы: балалар ыдысын жууға арналған гель (алоэ иісімен) – 500 мл; лаванда иісті балалар ванна көбігі – 500 мл; балаларға арналған душ гелі – 500 мл; алма иісті душ гелі – 500 мл; балаларға арналған сусабын – 500 мл; кокос, шөптер және шабалды иісті сусабындар – әрқайсысы 500 мл; балаларға арналған сұйық сабын (кәдімгі және түймедақ иісті) – 500 мл; балаларға арналған шомылуға арналған құрал (кәдімгі және құлпынай иісті) – 500 мл; балалар киіміне арналған сұйық кір жуғыш зат (кәдімгі және лаванда иісті) – 2 л
- «Weleda» бренді ұсынған сыйлық жиынтығы – 10 дана, әрқайсысының құны 19 660 теңгеден аспайды
Құрамы: WELEDA Sensitive Body Lotion, бетке арналған нәзік қоректік крем, WELEDA балалар тіс гелі, WELEDA CALENDULA, WELEDA Calendula майы, теңіз шығанағы иісті дезодорант, Weleda Baby & Kids Sun Edelweiss
- Summerbaby ұсынған 3 балалар жиынтығы:
Құрамы: BIBS Try-it емізік жиынтығы (4 дана), BIBS Complete Set бөтелкесі (110 мл), Nino Nana жөргектері (62 дана, New Born), Oli&Carol тіс шығару ойыншығы, BUBA KIDS муслин жөргектері (2 дана, 75x115), edda силиконды қақпағы бар ыдыс
- KIDSOUT қызметі – 5 дана, әрқайсысының құны 19 660 теңгеден аспайды. Тегін тіркелу және 2 сағаттық күтуші қызметі. (Алматы қ. тұрғындары арасында ойнатылады)
- «Рахат» медорталығында маман қабылдауына арналған сертификат – 5 дана, әрқайсысының құны 19 660 теңгеден аспайды (Алматы қ. және Алматы облысы тұрғындары арасында ойнатылады)
- «Сәбидің дәрі қобдишасы» сыйлық жиынтығы – 10 дана, әрқайсысының құны 19 660 теңгеден аспайды
Құрамы: Windi жаңа туғандарға арналған газ шығаратын түтікше; Dentinale natura тіс шығару кезіндегі гель; NoseFrida мұрын аспираторы және оның ауыстырмалы сүзгілері
- «Aqua Baby» клубының қызметтеріне арналған сертификат – 10 дана, әрқайсысының құны – 15 000 теңге (Алматы қ. тұрғындары арасында ойнатылады)
- «Kinesio Kids» орталығынан сәбидің қозғалыс қабілеттерін диагностикалау сертификаты – 5 дана, әрқайсысының құны 19 660 теңгеден аспайды (Алматы қ. және Алматы облысы тұрғындары арасында ойнатылады)
- Барлық қатысушыларға кепілді сыйлық: Aqua Baby клубында «Kabrita» промокоды арқылы бір тегін сынақ сабағы, құны – 19 660 теңгеден аспайды
- KIDSOUT мобильді қосымшасында «Kabrita2025» промокоды арқылы бір айлық тегін жазылым, құны – 19 660 теңгеден аспайды

Сыйлықтар 1.2-тармақта көрсетілген Акция серіктестері тарапынан беріледі. Сыйлықтарды табыстау серіктестердің өз қаражаттары есебінен және өз күшімен жүзеге асырылады.

2.3. Сыйлықтарды ақшалай баламамен ауыстыруға жол берілмейді.

2.4. Ұйымдастырушы сыйлық иесінің сыйлықты пайдалана алмауына байланысты, Ұйымдастырушыға байланысты емес кез келген жағдайлар үшін жауапкершілік алмайды.

2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ағымдағы жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 5 еселенген мөлшерінен аспайтын кірістер жеке табыс салығынан (ЖТС) босатылады. 2025 жылы айлық есептік көрсеткіштің мөлшері 3 932 (Үш мың тоғыз жүз отыз екі) теңге болып белгіленген, тиісінше, бір күнтізбелік жыл ішінде ұйымдардан, соның ішінде тауарлар (жұмыстар, қызметтер) жарнамасына байланысты өткізілетін конкурстарда, ойындарда және басқа да іс-шараларда алынатын сыйлықтар, жүлделер немесе ұтыстар түріндегі кірістің салық салынбайтын сомасы – 19 660 (Он тоғыз мың алты жүз алпыс) теңгені құрайды.

Жеке тұлғаның 19 660 теңгеден асатын кірісіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке табыс салығы салынады.

Победительге (Жеңімпазға) құны 19 660 теңгеден асатын заттай түрде кіріс (сыйлық) берілген жағдайда, салық агенті (Ұйымдастырушы) жеке тұлғаның кірісінен 10% мөлшерінде жеке табыс салығын өз қаражаты есебінен төлейді.

2.6. Сыйлықтарды тапсыру мерзімі: 2025 жылғы 25 тамыздан бастап 2025 жылғы 25 қыркүйекке дейін.

3. Акцияға қатысушылар

3.1. Акцияға қатысушы болып, акция серіктесі «Рахат» клиникасы» ЖШС-нің басты сыйлығына үміткер бола алатын тұлға – 2025 жылғы 23 тамыздағы ұтыс ойыны күніне дейін жүктілік мерзімі 40 аптадан аспайтын, 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматшасы, Алматы қаласында тұратын, және осы Ереженің 4.2-тармағында көзделген әрекеттерді орындаған жүкті әйел ғана бола алады.

3.2. Акцияға қатысушы болып, осы Ереженің 2.2-тармағында көрсетілген қосымша сыйлықтарға үміткер бола алатын тұлға – 2025 жылғы 22 тамыздағы ұтыс ойыны күніне дейін жүктілік мерзімі 40 аптадан аспайтын, 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматшасы, Қазақстанның кез келген өңірінде тұратын, және осы Ереженің 4.2-тармағында көзделген әрекеттерді орындаған жүкті әйел ғана бола алады.

4. Акцияны өткізу тәртібі

4.1. Акцияның жалпы мерзімі: 2025 жылғы 19 мамыр – 2025 жылғы 22 тамыз.

Өтінімдерді қабылдау мерзімі: 2025 жылғы 19 мамыр сағат 00:00-ден 2025 жылғы 19 тамыз сағат 10:00-ге дейін (Астана уақытымен қоса алғанда).

Сыйлықтар ұтысы: 2025 жылғы 22 тамыз.

4.2. Акцияға қатысу тәртібі: 2025 жылғы 19 мамыр мен 22 тамыз аралығында қатысушы www.kabrita.kz/premium-patronazh/ сайтындағы анкетаны толтырып, «Өтінім беру» батырмасын басуы, электрондық пошта арқылы верификациядан өтуі, Instagram-дағы @kabrita.kazakhstan және @rahah_clinic аккаунттарына жазылуы және 2025 жылғы 22 тамызда @kabrita.kazakhstan аккаунтында өтетін тікелей эфирге (Астана уақытымен 10:00-ден 14:00-ге дейінгі аралықта) міндетті түрде қосылуы қажет. Тікелей эфирдің нақты уақыты келесі сілтемелерде 24 сағат бұрын жарияланады: <https://www.instagram.com/kabrita.kazakhstan/>, <https://www.facebook.com/kabrita.kz>.

4.3. Анкетада келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс: тегі, аты, электрондық пошта, телефон нөмірі, болжамды босану күні, тұратын қаласы.

4.4. Ұтыс ойыны туралы ақпарат Акция Ұйымдастырушысының келесі әлеуметтік желілердегі парақшаларында жарияланады:

<https://www.instagram.com/kabrita.kazakhstan/>, <https://www.facebook.com/kabrita.kz>, сондай-ақ ресми сайтында: <https://kabrita.kz/premium-patronazh/>

5. Акция жеңімпаздарын анықтау тәртібі

5.1. Акция жеңімпаздары 2025 жылғы 22 тамызда @kabrita.kazakhstan Instagram (Инстаграм) аккаунтында өтетін тікелей эфир барысында анықталады.

5.2. Ұтыс қорытындысын шығару және жеңімпаздарды анықтау үшін тікелей эфирге барлық өтінімдер (4.1-тармақта көрсетілген мерзімде алынған) жүктелетін «рандомайзер» қосымшасы (Ұйымдастырушы қосымшаны таңдауға құқылы) шығарылады.

5.3. Жеңімпаздар келесі тәртіппен анықталады:

5.3.1. Алдымен, серіктестерден 86 сыйлық, Kabrita® брендінен 10 жиынтық және Futari брендінен 100 жиынтық алатын 196 адам бірден таңдалады.

5.3.2. Кейін 1 адам – «Apex Eli» арбасын, 1 адам – Apex Air-Z, 1 адам – Apex Air-X², 1 адам – Doona i арба-автокреслосын, 1 адам – Doona X арбасы мен автокреслосын және 1 адам – Doona Liki Trike S3 жиналмалы үш дөңгелекті велосипедіне ие болады.

5.3.3. Ең соңында 2 адам осы Ереженің 2.2-тармағында көрсетілген бас жүлделерді ұтып алады. Осы Акция аясында барлығы 208 жеңімпаз анықталуы мүмкін.

5.3.4. Кепілдендірілген digital сыйлықтар 2025 жылғы 22 тамызға дейін жобада тіркелген барлық қатысушылардың электрондық поштасына жіберіледі.

5.4. Бас жүлде иегері тікелей эфирде жеңімпаз ретінде жарияланғаннан кейін дереу Акция Ұйымдастырушысымен байланысқа шығуы тиіс.

5.5. Акция Ұйымдастырушысы бас жүлде иегеріне тікелей эфир кезінде қоңырау шалып, жеңіс туралы жеке хабарлайды.

5.6. Егер жеңімпаз байланысқа шықпаса, сыйлық қайта ойнатылады.

5.7. Бас жүлде ұтыс күні (22.08.2025 ж.) жүктілік мерзімі 40 аптадан аспайтын Акцияға қатысушы жүкті әйелге табысталады.

5.8. Егер бас жүлдені ұтып алған қатысушы сол уақытқа дейін босанған болса, жүлде қайта ойнатылады, ал қатысушыға Kabrita® өнімдер жиынтығы сыйға беріледі.

5.9. Бас жүлде атаулы болып табылады және тек жеңімпазға жеке табысталады. Ол үшінші тұлғаларға берілмейді, сыйға тартылмайды немесе сатылмайды. Егер бас жүлде үшінші тұлғалардың қолына түссе, ол жарамсыз деп танылады.

5.10. Егер бас жүлде иегері күтпеген жағдайларға байланысты сыйлықты пайдалана алмаса, жүлде қайта ойнатылмайды және ақшалай баламамен берілмейді.

5.11. Жеңімпаздар мен ұтыс нәтижелері 2025 жылғы 22 тамыз күні сағат 17:00-де Астана уақытымен <https://kabrita.kz/premium-patronazh/> ресми сайтында жарияланады.

6. Сыйлықтарды алу тәртібі мен мерзімі

6.1. Сыйлықтар Акция жеңімпаздары анықталғаннан кейін, осы Ережелердің 2.6-тармағында көрсетілген мерзімде Ұйымдастырушы тарапынан беріледі.

6.2. Акция серіктестері ұсынған сыйлықтар жеңімпаздарға сол серіктестер тарапынан табысталады. Ұйымдастырушы серіктестердің сыйлықтарды беру бойынша міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына жауапты емес.

6.3. Сыйлықтар курьерлік қызметтерді тарту арқылы немесе электрондық пошта арқылы жіберіледі. Жеткізу шығындары сыйлықты ұсынушыға (Ұйымдастырушыға немесе Серіктеске) байланысты сол тараптың есебінен жүзеге асырылады. Егер курьерлік қызметтер өз міндеттемелерін дұрыс орындамаса және соның салдарынан сыйлық жоғалса, бүлінсе, уақытында жеткізілмесе немесе жеткізу мерзімі бұзылса, онда бұл үшін жауапкершілік курьерлік қызметтерге жүктеледі.

6.4. Құны 16 660 теңгеден жоғары сыйлықты алу үшін Акция жеңімпазы 2025 жылғы 23 қыркүйек күні Астана уақытымен 17:00-ге дейін kabrita@kabrita.kz электрондық поштасына жеке куәлігінің сканын және сыйлықты жеткізу мекенжайын жолдауы тиіс.

6.5. Құны 16 660 теңгеге дейінгі сыйлықты алу үшін, қажет болған жағдайда, Акция жеңімпазы 2025 жылғы 23 қыркүйек күні Астана уақытымен 17:00-ге дейін kabrita@kabrita.kz электрондық поштасына жеткізу мекенжайын жолдауы тиіс.

6.6. Берілмеген немесе талап етілмеген сыйлықтарды, сондай-ақ мерзімінде алынбаған немесе жеңімпаздардан бас тартылған сыйлықтарды Ұйымдастырушы өз қалауынша пайдаланады. Мұндай сыйлықтарды қайта талап етуге болмайды.

6.7. Ұйымдастырушының сыйлықтың сапасына қатысты міндеттемелері өндіруші ұсынған кепілдікпен шектеледі. Сыйлық сапасына қатысты барлық талаптар тікелей өндірушіге бағытталуы тиіс.

6.8. Сыйлық жеңімпазға тапсырылған сәттен бастап, оны беру жөніндегі Ұйымдастырушының міндеттемелері орындалды деп есептеледі.

6.9. Сыйлықтың сыртқы түрі (түсі, өлшемі, дизайны және басқа да сипаттамалары) қатысушылардың күткеніне сәйкес келмеуі немесе жарнамалық материалдарда көрсетілген бейнелерден өзгеше болуы мүмкін.

6.10. Сыйлықтар саны шектеулі. Осы Ережелердің 5.8-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, қосымша сыйлықтар берілмейді.

6.11. Егер жеңімпаз осы Ережелерге сәйкес сыйлықтан бас тартса немесе оны алмаса және бұл жағдай Ұйымдастырушы тарапынан орын алған бұзушылықтарға байланысты болмаса, Ұйымдастырушы осы қатысушыны жеңімпаз деп тану туралы шешімді жоюға құқылы.

7. Жеке деректерді өңдеу

7.1. Акцияға қатысушы сайттағы <https://kabrita.kz/premium-patronazh/> анкета толтырып, «Өтінім беру» батырмасын басу арқылы осы Ережелердің 4.2-тармағында көрсетілген әрекеттер тізбегін орындай отырып, Акцияның толық шарттарымен, Құпиялылық саясатымен келісіп, өзінің жеке деректерін өңдеуге және таратуға рұқсат етіп, сондай-ақ Ұйымдастырушы мен Серіктестер тарапынан хабарлама алуға келісім береді. Жеке деректер – тегі, аты, электрондық поштасы, ұялы телефон нөмірі, болжалды босану күні, тұрғылықты қаласы – маркетингтік акцияны өткізу, сыйлықтарды беру, әрі қарай жарнамалық және басқа да ақпараттар беру мақсаттарында пайдаланылады және сақталады. Деректерді өңдеу мерзімі — Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жинау және өңдеу мақсатына қол жеткізілгенге дейін, бірақ 5 жылдан аспайды.

7.2. Қатысушы жеке деректерін өңдеуге берген келісін жазбаша түрде Ұйымдастырушыға акция аяқталған соң жіберу арқылы қайтарып ала алады.

7.3. Ұйымдастырушы қатысушы мен Ұйымдастырушы арасында жасалған қосымша келісім негізінде де жеке деректерді өңдеуді жүзеге асырады, бұл келісім осы Ережелердің 1-қосымшасында көрсетілген әрекеттерді орындау барысында жасалады.

7.4. Ұйымдастырушы және оның тартқан тұлғалары жеке деректерді Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес, құпиялылықты сақтай отырып және қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ете отырып өңдейді. Ұйымдастырушы акция барысында қатысушыға ақпараттық және жарнамалық хабарламалар жіберуге құқылы, ал қатысушы бұған өз келісін береді. Бұл келісімді жоғарыда көрсетілген тәртіпте қайтарып алуға болады.

- 7.5. Жеңімпаздар жеңіске жеткен жағдайда, 6.4 және 6.5-тармақтарда көрсетілген қосымша деректерді беруге автоматты түрде келісім береді.
- 7.6. Жеңімпаздар осы Ережелердің 1.2-тармағында көрсетілген Серіктестерге 6.4, 6.5 және 7.1-тармақтарда көрсетілген дербес деректерді сыйлықтарды табыстау және баланың 1 жасқа дейінгі патронажына арналған атаулы сертификатты ресімдеу мақсатында үшінші тұлғаларға беруіне келісім береді.
- 7.7. Қатысушы осы Ережелердің 4.2-тармағында көзделген әрекеттерді орындай отырып, жеңімпаз деп танылған жағдайда оның тегі, аты, тұрғылықты қаласы және жеңісі туралы ақпарат Ұйымдастырушының ресми сайтында <https://kabrita.kz/premium-patronazh/> жарияланатынына келіседі.
- 7.8. Қатысушы өз еркімен және өз мүддесі үшін акцияға қатысу арқылы, оның жеке деректері үшінші тұлғаларға осы акцияны өткізу, жарнамалық ұсыныстарды тарату (егер қатысушы келісім берген жағдайда), маркетингтік талдау және статистикалық ақпарат дайындау мақсатында берілетініне келіседі.

Қорытынды ережелер

- 8.1. 4-тармақта көрсетілген барлық талаптарды орындамаған тұлғалар Акцияға қатысуға және кепілдендірілген сыйлықты алу құқығына ие емес.
- 8.2. Ұйымдастырушы қатысушының осы Акцияға қатысудан туындаған шығындары, шығыстары және басқа да кез келген төлемдер мен шығындарды өтемейді, егер олар осы Ережелерде және Қосымшада көрсетілмеген болса.
- 8.3. Ұйымдастырушы Акция қатысушысының балаларға арналған патронаждық жылдық vip бағдарламасын (патронаждық бағдарлама «Малютка» және аллерголог консультациясы) пайдалануға байланысты жол жүру және тұру шығындарын өтемейді.
- 8.5. Ұйымдастырушы келесі жағдайларда жауапкершілікті көтермейді:

- телекоммуникациялық және энергетикалық желілердегі ақаулар, зиянды бағдарламалардың әрекеттері және басқа да форс-мажорлық жағдайлар, үшінші тұлғалардың сенімсіз әрекеттері салдарынан өзінің міндеттемелерін орындамауы немесе дұрыс орындамауы;
- қатысушылардан кепілдендірілген сыйлықты алу үшін қажетті хаттар мен/немесе ақпараттың дұрыс алынбауы, сондай-ақ техникалық немесе басқа да себептермен, ұйымдастырушыға тәуелсіз жағдайлардан туындаған мәселелер;
- қатысушылардың осы Ережелерге сәйкес толық емес және/немесе дұрыс емес байланыс мәліметтерін беруі;
- интернет арқылы немесе факсимильді байланыс арқылы мәліметтерді жіберуде қателіктер/сәтсіздіктер, байланыс ұйымдарының, техникалық ақаулар және/немесе интернет желісіндегі алаяқтықтар, сондай-ақ Акцияны өткізу кезінде қолданылатын байланыс арналарында туындаған мәселелер;
- қатысушылардың осы Ережелерде көзделген міндеттерін орындамауы немесе уақытында орындамауы;
- Акция серіктестерінің қатысушыларға ұсынылатын қызметтер мен тауарлардың сапасы үшін жауапкершілік көтеруі, сондай-ақ серіктестерге жүктелген басқа міндеттерді орындауы.

8.6. Ұйымдастырушы құқығы:

Акция кезеңінде осы Ережелерге өзгерістер енгізуге құқылы. Барлық өзгерістер туралы ақпарат Акцияның сайтына орналастырылады (<https://kabrita.kz/premium-patronazh/>);

Акция қатысушыларымен жазбаша келіссөздер немесе басқа байланыстар жүргізбеуге құқылы, тек осы Ережелерде қарастырылған жағдайларда ғана;

Қатысушылардан осы Ережелерде көрсетілген жағдайлар бойынша қажетті ақпаратты сұрауға құқылы;

Егер қатысушылар сыйлықты алмай немесе оны алу үшін бас тартса, ұйымдастырушы сыйлықтарды өз қалауынша бөліп тастауға құқылы;

Қатысушының осы Ережелерді бұзуы анықталған жағдайда, ұйымдастырушы сыйлықты беруден бас тартуға құқылы;

Қатысушыдан қосымша жеке мәліметтерді (п.6.4 – п.6.5.) сұраудан бас тартқан жағдайда, ұйымдастырушы сыйлықты беруден бас тартуға құқылы.

8.7. Акцияға қатысу фактісі қатысушының осы Ережелермен таныс және толық келісетінімен келісетінін білдіреді.

8.8. Акцияға қатысуға Ұйымдастырушы мен Акция серіктестерінің қызметкерлері, олардың туыстары мен байланысты тұлғалары қатыстырылмайды.

8.9. Сыйлықтар қайтарылмайды, айырбасталмайды немесе ақшаға немесе басқа заттарға ауыстырылмайды.

8.10. Егер сұрақтар туындаса, оларды ұйымдастырушыға мына электронды пошта арқылы жолдауға болады:

kabrita@kabrita.kz немесе телефон бойынша:

8 (727) 311 03 89.

Қосымша

**«ПРЕМИАЛЬНАЯ ЗАБОТА ОТ ПРЕМИАЛЬНОГО БРЕНДА» МАРКЕТИНГТІК АҚЦИЯСЫНА АРНАЛҒАН
ТОЛЫҚ ШАРТТАР**

2025 жылдың 19 мамыры

	Қызмет атауы	Саны
1	Педиатрды ай сайынғы тексеру (11 рет)	11
2	1 айда - консультациялар:	
3	Невропатологтың консультациясы	1
4	Хирургтың консультациясы	1
5	Мидың УЗИ (НСГ)	1
6	2 айда:	
7	Ортопедтің консультациясы	1
8	ОАК	1
9	6 айда: ОАМ	1
10	8 айда: офтальмологтың консультациясы	1
11	10 айда: ЛОР дәрігерінің консультациясы	1
12	12 айда: невропатологтың консультациясы	1
13	1 жаста: ОАК, ОАМ	1
14	Ауызша консультациялар	3
15	Үйге дәрігер шақыру – 5 шығу	5
16	Жалпы массаж 1 курс (10 сеанс)	10
17	Жүрек УЗИ + кардиологтың консультациясы	1
18	УЗИ кешені (6 орган)	1
19	Алматы қаласының бас аллергологының консультациясы	1